

**Азаматтық қызметші болып табылатын және Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 3823 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 қаңтарда № 4185 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 бабына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес азаматтық қызметші болып табылатын және Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қ.Әлімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Ақтөбе қаласының әкімі</i>	<i>Е. Омаров</i>
<b>КЕЛІСІЛДІ:</b> <i>Ақтөбе қалалық мәслихатының хатшысы</i>	<i>С.Шынтасова</i>
	Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 3823 қаулысына қосымша

**Азаматтық қызметші болып табылатын және Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

№ п/п	Лауазымдар атауы
	<b>Әлеуметтік қамсыздандыру саласы мамандарының лауазымдары:</b>
1)	Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі
2)	Әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші
3)	Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер
4)	Психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер
	<b>Білім беру саласы мамандарының лауазымдары:</b>
1)	Білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімі
2)	Жалпы білім беретін, мектеп-балабақша кешенінің, қосымша білім беру ұйымдарының директоры (басшысы, меңгерушісі)

3)	Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі
4)	Шығармашылық шеберхананың жетекшісі (білім беру ұйымдарында)
5)	Дене тәрбиесінің жетекшісі (білім беру ұйымдарында)
6)	Алғашқы әскери даярлық жетекшісі, оқытушы – ұйымдастырушысы
7)	Жалпы білім беретін мектептердің, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарындағы директордың (басшысының) ғылыми, оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдімтемелік, бейіндік, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
8)	Оқу-консультация пунктiнiң меңгерушісі
9)	Лагерьдің (қорғаныс-спорттық, сауықтыру, мектеп, еңбек және демалыс) бастығы
10)	Білім беру ұйымдарының әдіскері, аға әдіскер
11)	Кітапхана меңгерушісі, кітапханашы
12)	Педагог-психолог
13)	Әлеуметтік педагог
14)	Логопед мұғалімі
15)	Ұйымдастырушы педагог
16)	Қосымша білім педагогі
17)	Кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог)
18)	Аға тәрбиеші, тәрбиеші (білім беру ұйымдарында)
19)	Балалардың мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі
20)	Оқу-тәрбие, оқу өндірістік қызметімен тікелей айналысатын дене тәрбиесінің нұсқаушысы
21)	Медициналық бике
22)	Ем-дәм бикесі
23)	Аға жетекші, жетекші
24)	Хореограф
25)	Зертханашы

26)	Көркемдік жетекші
27)	Компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз етуші маман
<b>Мәдениет саласы мамандарының лауазымдары:</b>	
1)	Директор
2)	Суретші безендіруші
3)	Музыкалық жетекші
4)	Көркемдік жетекші
5)	Әдіскер
6)	Хореограф
7)	Менеджер
8)	Балаларға арналған бұқаралық шараларды ұйымдастырушы әдіскер
9)	Дыбыс режиссері
10)	Концертмейстер
11)	Кітапхана филиалдарының меңгерушісі
12)	Кітапханашы
<b>Ветеринария саласы мамандарының лауазымдары:</b>	
1)	Ветеринарлық пункт меңгерушісі
2)	Ветеринарлық дәрігерлер
3)	Ветеринарлық санитарлар